

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІН СӨЗ ТАБЫНА ҚАТЫСЫ

- Белгілі бір ұғымды бір сөзбен де екі немесе одан көп сөздер-дің жымдасып келіп, жанама мағынада айтылуы арқылы да біл-діруге болады. Орыс тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуші Н. М Шанский фразеологиялық оралым тілде жеке сөздің қыз-метін атқарады¹ дейді
- Тұрақты тіркестерге тән ортақ қасиет бұлардың құрамындағы сөздер дараланбай, мағынаның тұтас-тығы мен бірлігіне бағынышты, әрі тәуелді болады да, бір сөз-дің орнына жүреді
- Фразеологизмдер мағына жағына бір ұрымды білдіріп, бір сөздің орнына жүргендік-тен, сөйлем ішінде бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрады. Олай болса, әрбір тұрақты тіркес белгілі бір сөз табына бағынышты, тәуелді болады деген сөз

- *Тайға таңба басқандай* деген фразаның мағынасы *айқын, айнық* дәстеп сындық ұғымды білдіреді. Сондықтан бұл сөз сөй-лемде анықтауыштың қызметін атқарады.
- *Арасынан қыл өтпейді* деген идомнын, сыртқы грамматикалық сипатына қарасақ, етістікке жататын сияқты. Ал, мұның беретін ұғымы *тату-тәтті*, дос деген сын есімге қатысты болып тұр.
- Олай болса, фразеологизмдердің қай сөз табына қатыстығын анықтау үшін негізгі сөз бен жалпы тіркестен туатып фразеологиялық мағынаны салыстыра отырып шешуді талап етеді.
- Тіркестегі негізгі сөздердің лексика-грамматикалық мағынасы мен фразеологизмдердің, тудыра-тып мағыналары үнемі сәйкес келе бермейді.
- *Көзді ашып жұмғанша* дегеннен *тез, жылдам* деген мағынаны түсінеміз. Бұл мағына үстеуге қатысты болғандықтан, сөйлемде пысықтауыштың қызметін атқарады.

•Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді сөз табына қатыстылығы жағынаи негізінен төрт топқа бөліп қарауға болады:

- Етістік мағыналы фразеологизмдер: *Көзінің еті ості* — көкірек керді, меименсіді;
- Заттық мағыналы фразеологизмдер: *Кіндік кесіп, кір жуған* — туған ел, отан;
- Үстеу мағынасындағы фразеологизмдер: *Сақадай сай* — дайын, әзір;
- Сындық мағыналы фразеологизмдер: *аспанмен тілдескен* ~ биік, ұзын;

•.

- Ғалымдардың пікірінше:

- І.Кеңесбаев фразеологизмдерді сөз таптарының орнына жүреді деп шартты түрде ғана айтуға болмайтынын айтты.

•.

- Фразеологизмдердің сөйлем ішінде басқа сөздермен байланысқа түсіп, өз мәнін нақтыландыратындығын, сөйлемнің бір мүшесі болатындығын, ал сөйлем мүшесі белгілі бір сөз табына қатысты екендігін Х.Қожахыметова еңбектерінде атап көрсетті.

•.

- Фразеологизмдердің сөйлем ішінде басқа сөздермен байланысқа түсіп, өз мәнін нақтыландыратындығын, сөйлемнің бір мүшесі болатындығын, ал сөйлем мүшесі белгілі бір сөз табына қатысты екендігін Х.Қожахыметова еңбектерінде атап көрсетті.

•.

- Г.Смағұлова алты топқа бөледі: 1. Етістік мағыналы фразеологизмдер. 2. Есім мағыналы фразеологизмдер. 3. Үстеу мағыналы фразеологизмдер. 4. одағай тұлғалы фразеологизмдер. 5. Әр тарапты (модаль) сөздерден жасалған фразеологизмдер. 6. Сөйлеу дағдысына қолданылатын